

2024 жылғы қаңтар-ақпандағы тау-кен металлургия өнеркәсібі

2024 жылғы қаңтар-ақпанда ҚР тау-кен металлургия саласындағы (ТМК) өндіріс көлемі 1,942 трлн. теңгені құрады, бұл құндық мәнде 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 9,1%-ға жоғары. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлес түсті металлургияға тиесілі – 890,2 млн. теңге, қара металлургиядағы өндіріс 380,9 млн. теңгені құрады. Металл кендерін өндіруде негізгі үлесті түсті кендерді өндіру алады – 566,3 млн. теңге, ал қалған бөлігі темір кендерін өндіруге тиесілі – 99,2 млн. теңге.

«Металл кендерін өндіру» НКИ 2024 жылғы қаңтар-ақпанда 107,2% құрады. Бұл ретте «темір кендерін өндіру» НКИ 113,4% құрады. Өндірістің ұлғаюы темір кендерін (122,8%); хром кендерін (122,8%) өндірудің өсуімен байланысты.

«Түсті металл кендерін өндіру» НКИ 105,7% құрады. Өндірістің ұлғаюы түсті металдардың негізгі кендерін өндірудің өсуімен байланысты: алюминий (боксит) (145,4%); мыс-мырыш (103,3%); қорғасын-мырыш (125,5%); мыс (107,9%), құрамында алтын бар кендер (116,2%).

«Металлургия» НКИ 2024 жылғы қаңтар-ақпанда 110,6% құрады. Түсті металлургиядағы НКИ ұлғаюы (110,7%) тазартылған мыс (120,2%), өңделмеген алтын (107,6%), тазартылған алтын (105,2%), өңделмеген алюминий, алюминий оксиді (131,8%), өңделмеген тазартылған қорғасын (116,3%), өңделмеген мырыш (103,7%) өндірісінің ұлғаюымен байланысты.

Қара металлургияның НКИ-і қайта құю шойыны (107,9%); ферроқорытпалар (119,9%); қоспасыз болаттан жасалған өзектер мен шыбықтар (103,2%); қоспасыз болаттан жасалған профильдер мен бұрыштар (103,1%) өндірісінің ұлғаюы есебінен 110,6% құрады.

2024 жылдың қаңтарында металлургия өнімдерінің экспорты 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,7%-ға төмендеп, 0,9 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 0,2 млрд. АҚШ долларын, түсті металлургия – 0,7 млрд. АҚШ долларын құрады. Өткен жылдың көрсеткішіне қатысты қара металлургия экспортының көлемі 43,4%-ға, түсті металлургия экспортының көлемі 5,4%-ға ұлғайды.

Металлургиялық өнім экспортының құндық құрылымында құны бойынша негізгі көлемді мыс (36,7%), алюминий (12,6%), ферроқорытпалар (7,0%) және тегіс илек (10,4%) алады. Металлургия өнеркәсібі экспортының құлдырауы мырыш, алюминий, ферроқорытпа және тегіс илек экспортының құндық көлемінің төмендеуі есебінен қамтамасыз етілді.

2024 жылғы қаңтарда ҚР металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (28,2%), Ресей (28,8%), Түркия (12,5%) және Әзірбайжан (9,0%) болды.

2024 жылғы қаңтарда металлургия өнімі импортының көлемі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,5%-ға ұлғайып, 275,5 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 62,2 млн. АҚШ долларын, түсті металлургия – 213,3 млн. АҚШ долларын құрады. Металлургия өнеркәсібі импортының өсуі дәнекерленген және жіксіз құбырлар, тегіс илек, шыбықтар импортының құндық көлемінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді.

2024 жылғы қаңтардағы металлургиялық өнім импортының құндық құрылымында: дәнекерленген құбырлар (4,8%), жіксіз құбырлар (11,5%), тегіс илек (13,3%), шыбықтар (20,0%), мыс анодтары (12,6%) басым.

2024 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасында металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей (79,2%), Қытай (9,9%) және Италия (2,0%) болып табылады.

2024 жылғы қаңтарда ҚР-дағы металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 0,8 млрд. АҚШ долларын құрады, онда ОТӨ үлесіне 65,0%, импорттық өнімнің үлесіне 35,0% келеді.

Сала 3 өңірде: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді. ҚР металлургия өндірісінің құрылымында 2024 жылғы қаңтар-ақпанда Қарағанды облысының үлесі шамамен 20,6%, ШҚО – 18,7% және Павлодар облысының үлесі – 13,4% құрайды.